

Астана, 2018 жыл 13 тамыз

Артықшылықты акцияларды сатып алу туралы ұсыныс

1. Кіріспе

2017 жылғы 8 желтоқсанда «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Компания») айналымда тұрған бүкіл ауқымды депозитарлық қолхаттарды (бұдан әрі – «АДҚ») кейін Компанияның айналымда тұрған бүкіл жай акцияларын қайта сатып алуды ұсынумен қайта сатып алу жөніндегі тендерлік ұсыныс жариялады.

Ұсыныстарды іске асырудың нәтижелері бойынша Компания 135 454 910 дана АДҚ мен 336 584 дана жай акцияларды қайта сатып алды.

2018 жылғы 10 мамырда АДҚ Лондонның қор биржасының (бұдан әрі – «ЛҚБ») биржалық тізімінен алынып тасталды, сөйтіп АДҚ бойынша сауда ЛҚБ-ның негізгі нарығында тоқтатылды және дәл сол күні Компанияның жай акциялары мен АДҚ «Қазақстанның қор биржасы» АҚ-ның (бұдан әрі – «Қазақстанның қор биржасы») ресми тізімінен алынып тасталды. Нәтижесінде, АДҚ ЛҚБ-ның биржалық тізімінен алынып тасталған сәттен бастап акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысында 2018 жылғы 12 наурызда бекітілген Компания Жарғысының жаңа редакциясы күшіне енді де Өзара қарым-қатынас туралы шарт қолданысын тоқтатты.

Қазіргі кезде, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – «ҚМГ ҰК») Компанияның айналымда тұрған бүкіл акцияларының 95,4%¹-на ие.

- (i) Компанияның жай акциялары мен АДҚ қайта сатып алу туралы ұсыныстар АДҚ мен жай акциялар ұстаушылардың көпшілік даусымен қабылданғанын, және қайта сатып алудың нәтижесінде ҚМГ ҰК Компанияның айналымда тұрған бүкіл акцияларының 95,4%¹-н иелігіне алғанын;
- (ii) ҚМГ ҰК-ның жоспарларына сәйкес, оған сәйкес ҚМГ ҰК өндіруші және мұнай сервистік компанияларды тікелей басқаратын операциялық активтерді басқарудың екі деңгейлі жүйесіне көшу іске асырылуына байланысты Компанияның даму келешегін, және жаңа бизнес ұстанымды іске асырудың болашақта Компанияның жеке шаруашылық жүргізу субъектісі ретіндегі қызметін тоқтатуды қажет ететінін

назарға алып,

Компания миноритарлық акционерлердің мүдделерін қамтамасыз ету және Компанияның төменде ашып көрсетілген одан арғы жоспарларына байланысты оларға тиесілі акцияларын сатуға мүмкіндік беру мақсатында, Компанияның айналымда тұрған бүкіл артықшылықты акцияларын сатып алу ұсынысын жасау шешімін қабылдады. Бұл ұсыныс Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Компанияның артықшылықты акцияларын иеленуші барлық акционерлердің мүдделері үшін жасалуда.

¹ Сатып алынған жай акцияларды, артықшылықты акцияларды және АДҚ түрінде ұсынылған жай акцияларды есептегенде, жай акцияларды, артықшылықты акцияларды және АДҚ түрінде ұсынылған жай акцияларды қоса алғанда.

Артықшылықты акциялар 90-шы жылдардың орта шенінде «Өзенмұнайгаз» және «Ембімұнайгаз» өндірістік бірлестіктерінің қызметкерлері үшін, бұл екі компания «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ болып бірігуіне дейін ақысыз негізде бөлінді. 2005 жылдан бастап 2017 жылға дейін артықшылықты акциялар ұстаушыларына бір артықшылықты акцияға 9 300 (тоғыз мың үш жүз) теңгеге жуық мөлшерде дивидендтер бөлінді. Бір артықшылықты акцияның бастапқы құны 250 (екі жүз елу) теңгені құрады.

Осы құжаттың негізгі мақсаты – Компанияның артықшылықты акцияларын ұстаушы акционерлерге Компанияның ұсынысын ерікті түрде қабылдау және өздеріндегі Компанияның артықшылықты акцияларын сату құқығын қолданудың шарттары, тәртібі мен мерзімдері туралы егжейлі-тегжейлі ақпарат беру. Компанияның ұсынысын қабылдауға және акционерге тиесілі артықшылықты акцияларды осы ұсынысқа сәйкес сатуға акционердің өз жеке құқығы бар екеніне және оның өз ықыласына ғана байланысты екеніне назар аударамыз. Артықшылықты акциялары бар акционерлер барлық келешек жағдайлар, факторлар мен тәуекелдердің есебімен оларға тиесілі артықшылықты акцияларды сату-сатпау шешімін жеке өздері қабылдауы тиіс. Акционерлік қоғам акционерлерінің құқықтары мен міндеттері туралы егжейлі-тегжейлі танысу қажеттілігі туындаған жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, атап айтқанда, АҚ туралы Заңға көңіл аударуды сұраймыз.

Осы құжатта бас әріппен басталатын сөздер мен ұғымдардың мәні осы құжаттағы «Айқындамалар» деген 7-тарауда келтірілген.

2. Компанияға қатысты одан арғы жоспарлар

Қазіргі кезеңде Компания жоғарыда аталған жаңа бизнес моделін енгізу мақсатында төменде көрсетілген іс-шараларды іске асыру мүмкіндігін қарауда. Аталған іс-шараларды іске асыру Компанияның өкілетті органдарының қажетті шешімдер қабылдауының негізінде және шартымен жүргізілетініне назар аударамыз. Бұл ретте, ондай шешімдерді қабылдау және ондай іс-шараларды іске асыру Компанияның міндеті болып табылмайды, және ондай шешімдер қабылданатынының немесе ондай іс-шаралар іске асырылатынының кепілі жоқ.

2.1. Компанияның жай акциялары санының өзгеруі

ЛҚБ-ның биржалық тізімінен және Қазақстанның қор биржасының ресми тізімінен АДҚ-ның алып тасталғанына байланысты, депозитарлық бағдарламаның жабылуы орын алатын болады. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау мақсатында, Компания өзінің айналымда тұрған орналастырылған жай акцияларының санын, оның ішінде Компанияның депозитарлық бағдарламасы жабылғаннан кейін сатып алынған акциялардың³ жол берілетін мөлшері бойынша шектеудің бұзылуын болдыртпау тәсілімен оларды бөлшектеу жолымен ұлғайтуды (жай акцияларды иеленетін акционерлердің үлестерін өзгертпестен) жүзеге асыруды жоспарлап отыр. Айналымдағы жай акциялардың санын ұлғайту артықшылықты акциялар үлесінің одан әрі кемуіне әкеп соқтырады.

³ АҚ туралы Заңға сәйкес, акционерлік қоғам сатып алатын орналастырылған акциялардың саны осы акционерлік қоғамның орналастырылған акцияларының жалпы санының жиырма бес пайызынан аспауы қажет (28 б. 1-т.). Осы талапты орындау мақсатында орналастырылған жай акциялардың кем дегенде алты есе арттыру (көзделіп отыр).

2.2. Компанияның қызметін тоқтату

ҚМГ ҰК компаниялары тобын оңтайландыру шеңберінде, сондай-ақ ҚМГ ҰК-ның жаңа бизнес моделінің есебімен және дербес шаруашылық субъектісі ретіндегі Компанияның қызметін тоқтату қажеттілігіне орай, Компанияны тарату немесе біріктіріп алуға қоса алғандағы қайта ұйымдастырудың әр түрлі нұсқалары қарастырылуда. Бұл ретте, Компанияның өндіруші және мұнай сервистік еншілес ұйымдарын қайта ұйымдастыру жоспарда жоқ.

Оған қоса, дербес шаруашылық субъектісі ретіндегі Компанияның қызметін тоқтату жоспарына байланысты, сондай-ақ Компанияның артықшылықты акцияларының делистингін іске асыру жоспарлануда. Нәтижесінде, артықшылықты акциялар Қазақстанның қор биржасының сауда алаңында айналымда болмайды, тиісінше, Компанияның акционерлері өзінің акцияларын Қазақстанның қор биржасы арқылы нарықтық баға бойынша сата алмайтын болады, және акцияларды болашақта сату мүмкіндігі шектелуі мүмкін. Сондай-ақ, Қазақстанның қор биржасының ақпараттарды ашуды қоса алғандағы талаптары Компанияға қатысты қолданылмайтын болады. Компанияның делистингленген артықшылықты акцияларымен операцияларға салық салу ағымдағы режимнен ерекшеленетін болады.

3. Сатып алу туралы ұсыныс

2018 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша орналастырылған артықшылықты акциялардың саны 4 136 107 дана, сатып алынған артықшылықты акциялардың саны 2 230 898 дана, осылайша, 1 905 209 дана артықшылықты акция айналымда тұр.

2018 жылғы 10 тамызда Компанияның тиісті өкілетті органдары Компанияның Қазақстанның қор биржасында орналастырылған артықшылықты акцияларын сатып алу туралы шешім қабылданды. Аталған шешімге сәйкес және АҚ туралы Заңның 26 бабының 4-тармағына сәйкес, Компания осымен өзінің орналастырылған артықшылықты акцияларын сатып алатыны туралы хабарлайды және Компанияның артықшылықты акцияларына ие акционерлерге Компанияның ұсынысын қабылдап және өздерінің артықшылықты акцияларын осы құжатта көрсетілген талаптарда және тәртіппен сатуды ұсынады.

Осы құжатты назар салып және толықтай оқуыңызды сұраймыз.

Ешкім осы құжатта жазылғандардан бөлек қандай да бір мәліметтер беруге немесе қандай да бір мәлімдемелер жасауға құқы жоқ; кез келген ондай мәліметтер мен мәлімдеулерге ресми құжаттағыдай қараудың жөні жоқ.

Сатып алу туралы ұсынысты қабылдау рәсімі осы құжаттың 5-тарауында ашып жазылған.

Сізде Брокерге ұсынылатын қажетті барлық құжаттарды дайындау үшін жеткілікті уақыттың барына көз жеткізуді сұраймыз. Артықшылықты акцияларды сату үшін қажетті барлық құжаттарды Брокерге **2018 жылдың 15 қарашаның сағат 17:00-ден кешіктірмей** ұсыну қажеттілігіне назарларыңызды аударамыз.

Осы құжаттағы барлық уақыт Алматы уақыты бойынша көрсетілген.

Осы құжатта көрсетілген ақпаратты қаржылық, құқықтық немесе салықтық мәселелер жөніндегі ұсынымдар ретінде пайдаланудың қажеттілігі жоқ.

Сатып алу туралы ұсыныс барлық артықшылықты акциялар ұстаушыларға Компанияның айналымда тұрған барлық артықшылықты акцияларына қатысты жасалады.

4. Сатып алу шарттары

Осы құжатқа сәйкес сатып алу туралы ұсыныс Компанияның айналымда тұрған артықшылықты акцияларына (KZ1P51460114 (KZ000A0RMTC3)) ғана қатысты.

Компания осы сатып алу туралы ұсынысқа сәйкес сатып ала алатын артықшылықты акциялардың саны 1 905 209 данадан артық емес.

Артықшылықты акцияларды сатып алу құны бір артықшылықты акция үшін 12 800 (он екі мың сегіз жүз) теңгені құрайды, бұл 2018 жылғы 10 тамыз жағдай бойынша бір артықшылықты акция үшін 10 292 (он мың екі жүз тоқсан екі) теңгені құрайтын артықшылықты акциялардың көлемі бойынша 30 күнді құрайтын орташа бағасына қатысты 24,4% құрайды.

Қазақстан Республикасының Салықтық кодексіне сәйкес, Компанияның артықшылықты акцияларын Қазақстанның қор биржасында ашық саудаласу әдісімен сату кезіндегі құн өсімінен болатын кіріс салық салынатын кірістен алып тасталады.

Сатып алу туралы ұсыныстың қолданылу мерзімі 2018 жылдың 15 қарашаның сағат 17:00-де аяқталады. Тиісінше, артықшылықты акцияларды мамандандырылған саудада сатуға арналған клиенттік өтінімді осы құжаттың 5-тарауына сәйкес көрсетілген күн мен уақыттан кешіктірмей беру қажет. 2018 жылдың 15 қарашаның сағат 17:00-ден кейін алынған кез келген клиенттік өтінімдер қабылданбайды және орындалмайтын болады. Сізге тиесілі артықшылықты акцияларды сатуға қажетті құжаттарды ресімдеуге едәуір уақыт қажет етілетініне және барлық қажетті құжаттарды дайындау үшін жеткілікті уақытыңыздың барына көз жеткізу қажеттігіне назарларыңызды аударамыз.

5. Артықшылықты акцияларды сатып алу тәртібі

5.1. Қазақстандық қор биржасындағы сауда-саттық рәсімі

Артықшылықты акцияларды сатып алу Қазақстандық қор биржасында Есеп айырысудың бірінші күнінен бастап Есеп айырысудың соңғы күніне дейін үш ай ішінде айына екі рет ашық сауда-саттық әдісі қолданылып, жүзеге асырылатын болады.

Осы мақсатта Компанияның Брокеріне тиісті Есеп айырысу күндері айына екі рет мамандандырылған сауда-саттықты ұйымдастыруға тапсырма береді. Компанияның Брокері Қазақстандық қор биржасына өтініш береді, онда өтінімдерді беру кезеңі, өтінімдерді қабылдау басталатын және аяқталатын уақыт, есеп айырысу күні мен уақыты көрсетіледі.

5.2. Брокер арқылы артықшылықты акцияларды сату рәсімі

Сіз, сатып алу туралы ұсынысқа сәйкес, Компанияға өзіңізге тиесілі артықшылықты акцияларды сатуға келіссеңіз және Сізде Брокер болған жағдайда Сізге:

- (i) БҚБТ-ға өзіңізге тиесілі артықшылықты акцияларды БҚБТ-дағы дербес шоттан есептен шығаруға бұйрық (БҚБТ нысаны бойынша) беру;

- (ii) Брокерге өзіңізге тиесілі артықшылықты акцияларды Орталық депозитарийдегі шотқа есептеуге бұйрық (БҚБТ нысаны бойынша) беру;
- (iii) Брокерге артықшылықты акцияларды мамандандырылған сауда-саттықта сатуға клиенттік тапсырыс (Брокердің нысаны бойынша) беру;
- (iv) Брокерге артықшылықты акцияларды сатудан түскен ақшаны өзіңіздің банк шотыңызға аударуға бұйрық беру керек.

5.3. Артықшылықты акцияларды Қазпочта арқылы сату рәсімі

Артықшылықты акцияларға иелік ететін акционерлерге ыңғайлы болу үшін, Компания, осы ұсынысқа сәйкес, Сізге тиесілі акцияларды Қазпочтаның жергілікті бөлімшелері арқылы сату мүмкіндігін қамтамасыз етті және төмендегі 5.4-тармақта көрсетілген шығыстарды төлейді.

Сізге тиесілі артықшылықты акцияларды Қазпочта арқылы сату үшін Сізге:

- (i) БҚБТ Трансфер-агенті болып табылатын және Брокер бола алатын №1 қосымшада көрсетілген Қазпочтаның жергілікті бөлімшелерінің біреуіне жүгіну;
- (ii) Трансфер-агент ретіндегі Қазпочтамен трансфер-агенттік қызмет көрсету шартына қосылу туралы өтінішке қол қою;
- (iii) уақытша шот болған жағдайда, БҚБТ-дағы шотты белсендіру үшін №2 қосымшада көрсетілген қажетті құжаттарды қосып, Трансфер-агент ретіндегі Қазпочтаға БҚБТ нысаны бойынша БҚБТ-дағы дербес шоттың деректемелерін жаңартуға/өзгертуге бұйрық беру;
- (iv) Трансфер-агент ретіндегі Қазпочта БҚБТ-ға оның нысаны бойынша Сізге тиесілі артықшылықты акцияларды БҚБТ-ның дербес шотынан есептен шығару туралы бұйрық беру;
- (v) Брокер ретіндегі Қазпочтаға оның нысаны бойынша брокерлік қызмет көрсету және бағалы қағаздарды номиналдық ұстау шартына қосылу туралы өтініш беру;
- (vi) Қазпочтада брокерлік шот ашу;⁴
- (vii) Брокер ретіндегі Қазпочтаға оның нысаны бойынша Сізге тиесілі артықшылықты акцияларды Орталық депозитарийдегі шотқа есепке кіргізуге бұйрық беру;
- (viii) Брокер ретіндегі Қазпочтаға оның нысаны бойынша артықшылықты акцияларды мамандандырылған сауда-саттыққа сатуға арналған клиенттік тапсырыс беру;
- (ix) мамандандырылған сауда-саттықтар бойынша есеп жүргізілгеннен кейін Қазпочтаға артықшылықты акцияларды сатудан түскен ақшаны Сіздің банктік шотыңызға аударуға тапсырма беру қажет.

⁴ Оған қоса, Сіз кез келген өзге де Брокерде шот аша аласыз. Брокерлердің тізімін Қазақстанның қор биржасының <https://kase.kz/ru/membership/> корпоративтік сайтында табуға болады. Жеке шот ашу үшін жеке тұлғаны куәландыратын құжат, банктік деректемелер, сондай-ақ Сіз таңдаған Брокердің талаптарына сәйкес өзге де құжаттар ұсыну талап етіледі. Бұл жағдайда, осы

ұсынысқа сәйкес Компанияның артықшылықты акцияларын сату үшін жоғарыдағы 5.2-тармақта көрсетілген әрекеттерді іске асыру қажет.

5.4. Шығыстар және комиссиялар

Артықшылықты акцияларды иеленуші акционер – жеке тұлғалар оларға тиесілі артықшылықты акцияларды осы ұсынысқа сәйкес Қазпочта арқылы сатуды жүргізген жағдайда, Компания Қазпочтаның Брокер және Трансферттік-агент ретіндегі мына қызметтері үшін ақы төлейді:

- (i) БҚБТ-дан бағалы қағаздарды номиналдық ұстауға аудару (есепке кіргізу);
- (ii) басқа Брокерден бағалы қағаздарды номиналдық ұстауға аудару (есепке кіргізу);
- (iii) Брокерлік қызмет көрсету (бағалы қағаздарды сатып алу/сату);
- (iv) бұйрықтар беру жөніндегі трансфер-агенттік қызметтер;
- (v) төлем алғаны үшін комиссия.

Өзге шығыстарды акционерлер өз есебінен төлейді.

Егер Компанияның артықшылықты акцияларына ие акционер заңды тұлға болып табылатын немесе Қазпочтадан бөлек брокерді тартатын болса, бүкіл комиссияларды және өзге де шығыстарды акционер өзі көтеретін болады.

5.5. Есеп жүргізу

Осы құжатқа сәйкес сатып алу туралы ұсынысты қабылдаған акционерлерге артықшылықты акцияларды сатып алудың бағасын төлеу алынған өтінімдердің жиынтық биржалық тізімдемесіне сәйкес әр Есепті күні мына төмендегі кестеге сәйкес олардың брокерлік шоттарына аудару арқылы жүргізіледі:

17.08.2018 -28.08.2018	артықшылықты акцияларды мамандандырылған сауда-саттықта сатуға арналған клиенттік тапсырыстар берудің бірінші кезеңі
29.08.2018	Есеп айырысудың бірінші күні
03.09.2018-13.09.2018	артықшылықты акцияларды мамандандырылған сауда-саттықта сатуға арналған клиенттік тапсырыстар берудің екінші кезеңі
14.09.2018	Есеп айырысудың екінші күні
17.09.2018- 27.09.2018	артықшылықты акцияларды мамандандырылған сауда-саттықта сатуға арналған клиенттік тапсырыстар берудің үшінші кезеңі
28.09.2018	Есеп айырысудың үшінші күні
01.10.2018 –15.10.2018	артықшылықты акцияларды мамандандырылған сауда-саттықта сатуға арналған клиенттік тапсырыстар берудің төртінші кезеңі
16.10.2018	Есеп айырысудың төртінші күні
17.10.2018-31.10.2018	артықшылықты акцияларды мамандандырылған сауда-саттықта сатуға арналған клиенттік тапсырыстар берудің бесінші кезеңі

01.11.2018	Есеп айырысудың бесінші күні
02.11.2018-15.11.2018	артықшылықты акцияларды мамандандырылған сауда-саттықта сатуға арналған клиенттік тапсырыстар берудің соңғы кезеңі
16.11.2018	Есеп айырысудың соңғы күні

Ақшаны брокерлік шоттардан акционерлердің шоттарына ақша аудару тәртібі акционер мен Брокердің арасында жасалған тиісті брокерлік шартпен реттеледі. Ақша алу үшін акционер Брокерге артықшылықты акцияларды сатудан түскен ақшаны акционердің банктік шотына аударуға бұйрық беру қажеттігіне қайталап назарларыңызды аударамыз.

6. Сұрақтар

Егер сатып алудың шарттары немесе рәсімі (оның ішінде сатып алу туралы ұсынысты қабылдау және брокерлік шот ашу жөніндегі рәсімдер туралы) бойынша сұрақтар туындайтын болса, Қазпochtаның бірыңғай байланыс-орталығына тегін 1499 нөмірі бойынша хабарласуыңызды сұраймыз.

Қазпochtаның бірыңғай байланыс-орталығының көрсетілген нөмірі бойынша қалалық және ұялы телефондар арқылы қоңырау шалу тегін.

Бұл ретте, Қазпochtаның бірыңғай байланыс-орталығы Компанияның артықшылықты акцияларын сатып алу туралы осы ұсыныстың пайдасы, мұндай ұсыныстың мақсаттары және себептері туралы консультациялар, сондай-ақ қаржылық, құқықтық немесе салықтық мәселелер бойынша консультациялар ұсынбайды.

7. Айқындамалар

Төменде көрсетілген айқындамалар, егер мәтінде өзгесі пайымдалмаса, осы құжатта пайдаланылады.

Компанияның Брокері	«SkyBridge Invest» АҚ – бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы, артықшылықты акцияларды Қазақстанның қор биржасында ашық сауда-саттық арқылы сатып алуды іске асырады;
Брокер	Қазпochtаны қоса алғанда артықшылықты акцияларды ұстаушының тапсырмасы бойынша, есебінен және мүдделерінде қаржылық құралдармен мәмілелер жасайтын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы;
Есеп айырысулар күні	осы ұсыныстың 5.5-тармағында көрсетілген есеп айырысу күні, атап айтқанда: Есеп айырысудың бірінші күні, Есеп айырысудың екінші күні, Есеп

	айырысудың үшінші күні, Есеп айырысудың төртінші күні, Есеп жүргізудің бесінші күні, Есеп айырысудың соңғы күні;
Өзара қарым-қатынас туралы шарт	2006 жылғы 8 қыркүйектегі Компания мен ҚМГ ҰК арасындағы қарым-қатынастар туралы шарт;
БҚБТ	«Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген, бағалы қағаздар ұстаушыларының тізілімі жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті іске асыратын заңды тұлға;
АҚ туралы Заң	Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңы (өзгерістермен және толықтырулармен);
Қазпочта	«Қазпочта» АҚ, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген, Трансфер-агент және/немесе Брокер қызметтерін көрсететін заңды тұлға;
Компания	«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген заңды тұлға;
ҚМГ ҰК	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген заңды тұлға;
Трансфер-агент	өзінің клиенттері арқылы құжаттар (ақпарат) қабылдау және беру жөніндегі қызметтер көрсететін бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы;
Есеп айырысудың бірінші күні	2018 жылдың 29 тамызы;
Есеп айырысудың соңғы күні	2018 жылдың 16 қарашада.
Орталық депозитарий	«Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген, депозитарлық қызметтерді іске асыратын заңды тұлға.

**2018 жылғы 13 тамыздағы
Артықшылықты акцияларды сатып алу
туралы ұсынысқа № 1 қосымша**

**Осы ұсынысқа сәйкес артықшылықты акцияларды сату үшін хабарласуға
болатын Қазпochtаның жергілікті бөлімшелерінің тізімі⁵**

№	Бөлімшенің атауы	Телефон нөмірі	Мекенжайы
1	Ақмоланың ОФ	8-7162-25-14-85	Көкшетау қ., Абай к-сі 108
2	Ақтөбенің ОФ	8-7132-97-24-16	Ақтөбе қ., Әбілқайыр хан к-сі 62
3	Алматы ОФ	8-7282-62-02-86	Талдықорған қ., Тәуелсіздік к-сі 53
4	Шығыс-Қазақстанның ОФ	8-7232-50-57-41	Өскемен қ., Қасым Қайсенов к-сі 57
5	Шығыс-Қазақстанның ОФ, Семейдің ПБББ	8-7222-52-69-82	Семей қ., Оранхаев к-сі 48
6	Жамбылдың ОФ	8-7262-96-34-22	Тараз қ., Төле би к-сі 79
7	Батыс-Қазақстанның ОФ	8-7112-51-14-95	Орал қ., Аманжолов к-сі 104/1
8	Қарағандының ОФ	8-7212-60-42-13	Қарағанды қ., Бұхар Жырау к-сі 39
9	Қарағандының ОФ, Жезқазғанның ГУПС	8-7102-72-22-40	Жезқазған қ., Желтоқсан к-сі 9
10	Қызылорданың ОФ	8-7242-23-62-82	Қызылорда қ., Мұратбаев к-сі 38
11	Қостанайдың ОФ	8-7142-90-25-19	Қостанай қ., Әл-Фараби даңғ. 69
12	Маңғыстаудың ОФ	8-7292-20-35-66	Ақтау қ. шағ. ауд. 8, 20 үй
13	Павлодардың ОФ	8-7182-32-07-68	Павлодар қ., Академик Сәтпаев к-сі 50
14	Солтүстік-Қазақстанның ОФ	8-7152-46-13-96	Петропавл қ., Пушкин к-сі 61
15	Оңтүстік-Қазақстанның ОФ	8-7252-53-73-28	Шымкент қ., Қазыбек би к-сі 24
16	Атыраудың ОФ	8-7122-95-69-93	Атырау қ., Абай к-сі 6
17	Атыраудың ОФ, ПБҚБ-8	8-7122-95-69-69	Атырау қ., Баймұханов к-сі 70а
18	Атыраудың ОФ, ПБҚБ-9	8-7122-21-30-02	Атырау қ., Авангард 3 шағ. ауд., 49 үй
19	Атыраудың ОФ	8-71237-5-17-38	Құлсары қ., Махамбет даңғ. 23
20	Атыраудың ОФ	8-71239-31-7-18	Мақат кенті, Мұқашев к-сі 19
21	Атыраудың ОФ	8-71239-21-8-01	Доссор кенті, Сүлейменов к-сі 1
22	Маңғыстаудың ОФ, Жаңаөзеннің ПБББ	8-72934-71-7-90	Жаңаөзен қ., Шаңырақ шағ. ауд., зд.46Е

⁵Қазпochtаның жергілікті бөлімшелерінің мекенжайы ауысқан жағдайда, Компания өзінің сайтында тиісті ақпаратты орналастыратын болады, ондай өзгерістер туралы ақпаратты сондай-ақ бірыңғай байланыс-орталығына тегін 1499 телефон нөмірі арқылы хабарласып білуге болады.

**2018 жылғы 13 тамыздағы
Артықшылықты акцияларды сатып алу
туралы ұсынысқа № 2 қосымша**

**«Қазпочта» АҚ арқылы БҚБТ-да шот ашу (уақытша шот болған жағдайда) үшін
қажетті құжаттар тізбесі**

Акционердің БҚБТ-дағы деректерінің дұрыстығына қарай Қазпочта мына төмендегі құжаттардың бірін талап етуі мүмкін:

- 1) миграциялық полициядан немесе өзге де өкілетті органнан жеке тұлғаны куәландыратын құжатты ауыстырғаны туралы анықтама;
- 2) Компаниядан жеке істен алынған жеке парақ тіркелген анықтама;
- 3) жеке тұлғаны куәландыратын ескі құжат (көшірмесі);
- 4) Салық төлеушінің тіркеу нөмірін (СТН) беру туралы анықтама;
- 5) мекенжай анықтамасы немесе үй кітапшасы;
- 6) банктік деректемелер.

**«Қазпочта» АҚ-да брокерлік қызмет көрсету және бағалы қағаздарды номиналды
ұстау шартына қосылу үшін қажетті құжаттардың тізбесі**

Клиенттер (жеке тұлға) Брокерлік шарт жасасқан кезде мынадай құжаттар ұсынылады:

- 1) жеке тұлғаны куәландыратын құжаттың көшірмесі мен салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы беріледі;
- 2) жеке тұлғаны куәландыратын құжатта ЖСН жоқ болған жағдайда ЖСН туралы мәлімет;
- 3) клиенттің өкіліне қатысты берілген нотариалдық куәландырылған сенімхат (егер клиенттің атынан клиенттің өкілі Брокерлік шарт жасасатын, сондай-ақ өзге де әрекеттерді іске асыратын болса);
- 4) екінші деңгейдегі банктерде немесе «Қазпочта» АҚ-да ашылған банктік шоттың деректемелері (ақша қаражатын дербес шоттан есептен шығару және жеке шотқа есепке кіргізу үшін, сондай-ақ сыйақылар мен бағалы қағаздар бойынша өтеу сомаларын аудару үшін).